

Қамқоршылық кеңестің хаттамасы № 6

ХАТТАМА

Астана қ.

2024 жылғы 28 ақпан

Өткізілген орны: Астана қаласы әкімдігінің «Қайым Мұхамедханов атындағы №90 гимназия» ШЖҚ МКК, «Абай» мобилбді кітапханасы;

Мекен-жайы: Қорғалжын тас жолы, 37/1

Уақыты: 19:00 сағ.

Төрағасы: Сейтман Серік Мықтыбекұлы – ақын, ҚР БҒМ Мемлекет тарихы институтының қызметкері;

Хатшы: Санат Қуандық – Астана қаласы әкімдігінің «Қайым Мұхамедханов атындағы №90 гимназия» ШЖҚ МКК, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі;

Қатысқандар:

1. Ашимканова Г.О.
2. Жолдасбай С.
3. Құмарбекұлы А.
4. Қалиев Ж.
5. Сейтман С.М. – қамқоршылық кеңес төрағасы

Барлық қатысқандар: 5 адам

КҮН ТӘРТІБІ:

Астана қаласы әкімдігінің «Қайым Мұхамедханов атындағы №90 гимназия» қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын саралап, жүйелеп, қосымша туындаған сұрақтарға шешім шығару.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Сейтман С.М.: Қайырлы кеш, Құрметті қамқоршылық кеңес мүшелері! Бүгінгі күн тәртібінде: Астана қаласы әкімдігінің «Қайым Мұхамедханов атындағы №90 гимназия» қамқоршылық кеңесінің алдағы уақыттағы атқарылатын іс-шаралар жоспарына өзгеріс енгізіп, бір жүйеге келтіру. Бұл тұста мектеп әкімшілігімен бірлесіп, әр бағытқа сіздердің

мамандықтарыңызға жақын келетін тұстарын бөліп беруді қарастырсақ. Бұл туралы қандай ой қосасыздар?

Жолдасбай С.: *Иә өте орынды қозғап отырсыз. Мектеп жұмысына белсене араласа қоймасақ та ең болмағанда, қалалық деңгейдегі, аудандық деңгейдегі шараларға бізде қатысып отырғанымыз дұрыс.*

Сейтман С.М.: *Жақында білім басқармасының басшысы елордамыздың барлық мектеп директорлары мен қамқоршылық кеңес мүшелерінің жиналысын өткізді. Дәл осы кеңесте мектептің ішкі жұмысына қамқоршылық кеңес мүшелерінің атсалысуына басымдық беріп отыр. Соны ескер келе менің ұсынысым:*

Ғылым бағытына – Қайырбек Кемеңгер ағамыз, директордың бейіндік ісі жөніндегі орынбасарымен бірлесіп ғылыми бағыттағы шараларға қатысып отырса;

Ақпарат бағытына – Серік Жолдасбай, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарымен бірлесе жұмыс атқарса;

Мәдени бағытқа - Қалиев Жабай, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарымен бірлесе жұмыс жасаса;

Құқықбұзушылықтың алдын-алу

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығына

Асханадағы тағам құрамын талдау осы үш бағытта Ашимканова Г.О; тәрбие орынбасарымен тығыз байланыста болып, жылдық есеп беру отырысында жекелей әр бағыт бойынша қорытынды шығарсақ. Бұл тек ұсыныс.

Ашимканова Г.О.: *Иә, келісемін. Мектептің ата-аналар қауымдастығында жұмыс жасадым, енді соған қоса жаңа сіз айтып өткен тармақтарды қосып алуға қарсы емеспін. Баланың келешегі үшін кеңес мүшелері, мектеп әкімшілігі, қоғам бірігіп әрекетке көшсек нәтижелі іс болады деген сенімдемін.*

Сейтман С.М.: *Тағы қандай ойларыңыз бар?*

Қалиев Ж. .: *Біраз жылдар педагогика саласында жұмыс атқардым. Біздің көтеріп отырған мәселеміз, мектеп ісіне қоғам өкілдерінен біздің қосатын үлесіміздің маңыздылығы. Әрбір баланың болашағы үшін біздің қолымыздан келетін бағытқа басымдық беріп етене жұмыс жасағанамыз өте маңызды, қуана-қуана келісемін жұмыс жасауға.*

Құмарбекұлы А. .: *Әрбір білім алушының сапалы білім алып, саналы тәрбиені сіңіруі үшін педагогтардың атқарып жатқан жұмыстарына өз басым ризамын. Тәртіпке бағынбайтын да оқушылар кездесіп отыр. Бүгінгі таңда мектепшілік есепте тұрған оқушылар, жекелеген пән мұғалімдерінің, мектеп*

әкімшілігінің тікелей назарында. Сол оқушылардың мұндай тәртіп бұзуына не себеп, ата-аналармен тығыз байланыста болып ескерту жасап, бізде тізгіндесек бұл істің шешім табары сөзсіз.

Сейтман С.М.: Бүгінгі қарастыратын тағы бір мәселе, мектеп тарапынан әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға берілетін көмекке 4 отбасы ұсынылып отыр:

1. Тұрысбек Жексенбек 5 В сынып;
2. Манатұлы Жұмабек 5 В сынып;
3. Молдахмет Айдархан 8 F сынып;
4. Молдахмет Наурызбай 6 Б сынып

Осы аталған оқушылар тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілуіне қарсы емессіздер ме? Егер қарсы болмасаңыздар осы оқушылар қамтамасыз етілсін.

Ашимканова Г.О.: қарсы емеспін. Аталған оқушыларға көмек берілгені өте орынды болар еді.

Жолдасбай С.: қарсылығым жоқ.

Қалиев Ж. .: қарсылығым жоқ.

Сейтман С.М.: Жақсы бірауыздан мақұлдайық. Жалпы сіздер келісіп отырғандай, әр сала бойынша демеп, көмектесіп отырғанымызды дұрыс деп санаймын. Кеңес төрағасы ғана емес, әрбір мүшесі өз саласына қатысты жұмыстарға білек сыбана кірісіп, нәтиже беруіне еңбектенсе деген ойым.

Жолдасбай С.: Бұл ойыңызды құптаймын. Бүгін айтылғандай әр бағыт бойынша директор орынбасарларымен байланысып, кеңес мүшелерінің жсауапты болуына, мектеп миссиясына қарай жұмыс жасағанмыз абзалырақ.

Сейтман С.М.: Әрбір сала бойынша жылына кеңес мүшелерін 2 рет есеп беру отырысын ұйымдастыруды қолға алсақ. Мысалы оқу жылының басы қыркүйек айында, оқу жылының соңы мамыр айында. Әр бағыт бойынша есеп әзірлеп, қандай іс-шараға қатыстыңыз, жәрдемдестіңіз соның бәрін ортаға салып қорытынды шығарып отырсақ.

Қалиев Ж. .: Төраға мырзаның, әрбіріңіздің ойларыңызды толық тыңдадық. Меніңше кеңес мүшелерінің құрамын келесі отырыста жаңартуды ұсынамын. Мұнда тек мектеп үшін, әрбір бала үшін алаңдап барын салатын жандардың кеңес мүшесі болғаны маңызды.

Сейтман С.: Құрметті кеңес мүшелері! Біріншіден аталған мәселер бойынша сіздермен келісе отырып келесі жсиында кеңес мүшелерін жаңартуды қарастыру. Екіншіден, әр сала бойынша бөлінген кеңес мүшелері белгіленген орынбасарлармен тілдесіп орынды шешім қабылдау. Үшіншіден, ең маңызды деген мәселе туындаған жағдайда кері байланысқа шығып белсене араласқанымыз жән болмақ. Келесі жиналыста жүздескенше күн жақсы болсын!

ШЕШІЛДІ:

Астана қаласы әкімдігінің «Қайым Мұхамедханов атындағы №90 гимназия» ШЖҚ МКК қамқоршылық кеңестің алдағы уақытта атқаратын жұмысы әр салаға бөлініп жоспарланды. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға, оның ішінде тізімде көрсетілген оқушыларға көмек берілгендігін мақұлдаймыз.






Төраға

Сейтман С.М.

Хатшы

Санат Қ.

..
Түркістан облысының Кеңес құрамынан келетін отырысқа қатысқандар:

1. Ахмеджанова Т.О. 
2. С.Б. Жолдасов 
3. Сейітжан С.М. 
4. Ж.Н. Қалиев 
5. А. Құмарбеуи 

в